

Әлімтаева А.Т., Тұрсын Ш.К.

**Компаративтілік
функционалды-семантикалық
категориясының қазақ тіл
білімінде зерттелуі**

Бұл мақалада компаративтілік функционалды-семантикалық категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуі қарастырылады. Жалпы тіл ғылымында тілді функционалды бағытта зерттеу ертеректе басталады. Функционалы грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі компаративтілік категориясы қазақ тілші ғалымдарының зерттеу нысаны болды. Компаративтілік функционалды-семантикалық категориясының зерттелуі мен зерттеу бағыттарын айқындау басты міндет ретінде алынады.

Түйін сөздер: компаративтілік категориясы, функционалды-семантикалық өріс, функционалды грамматика.

Alimtaeva L.T., Tursyn Sh.K.

**Study of comparativ functional-
semantic category in the kazakh
linguistics**

This article focuses on the study of comparative functional- semantic category in the Kazakh language. In general, linguistics functional study of language begins before. Category of comparison, one of the basic concepts of functional grammar, has become a major study of Kazakh linguists. The main objective of the study advocates comparative functional- semantic category and the definition of lines of inquiry.

Key words: comparative category, functional-semantic field, functional grammar.

Алімтаева А.Т., Тұрсын Ш.К.

**Исследование компаративной
функционально-семантической
категории в казахском
языкознании**

В этой статье проводится исследование компаративной функционально-семантической категории в казахском языке. В языкознании функциональное исследование языка начинается раньше. Категория компаративности, одна из основных понятий функциональной грамматики, стала основой исследования казахских лингвистов. Основной задачей выступает исследование компаративной функционально-семантической категории и определение направлений исследования.

Ключевые слова: категория компаративности, функционально-семантическое поле, функциональная грамматика.

**КОМПАРАТИВТІЛІК
ФУНКЦИОНАЛДЫ-
СЕМАНТИКАЛЫҚ
КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ
ЗЕРТТЕЛУІ**

Тілді функционалды грамматика теориясы негізінде зерттеу қазіргі тіл білімінің күн тәртібінде тұрған ең бір өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі тіл білімінің даму үдерісінде негізінен тілдің танымдық қызметін тереңінен зерттеп, дүние-болмыстың тілдік бейнесін, оның ұлттық табиғатын ашуға ден қоя отырып, тілдің коммуникативті-прагматикалық қызметін сонымен астастыра зерттеу өзекті болып отыр.

Жалпы тіл білімінде құрылымдық грамматика мәселелері бірнеше жыл қарқынды зерттеліп, дамыды, нәтижелі болды. Дегенмен дәстүрлі грамматика бағытындағы зерттеулер тілдің табиғатын түбегейлі ашып бере алмайды. Сол себепті тілдік құбылыстарды сөйлеу процесімен, сөйлеушінің коммуникациялық, прагматикалық мақсатымен байланыстыра зерттеу қажет. Тіл адаммен тығыз байланыста қаралады. Адам тілдік құралдарды пайдаланғанда, өз қажетіне икемдейді. Коммуникативті мақсат үшін тілдік құралдарды сұрыптайды.

Тілдік категорияларды мағыналық жағынан қарастыру соңғы кезде тіл теориясында да, практикасында да қарқын алып келеді. Бұл орайда, әсіресе, функционалды-семантикалық категорияларды егжей-тегжейлі сипаттауға бағытталған функционалды грамматикаға ерекше мән беріліп отыр.

Қазақ тілін зерттеуші ғалымдар қазақ тіл біліміндегі функционалды бағыттағы зерттеулер ертеректен бастау алғанын айтады. Қазақ тіл білімінде XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңнің өзінде ғалымдардың функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерттеп, түсінгенін көреміз. Функционалды грамматикаға қатысты бүгінде қолданылып жүрген атауларды, терминдерді қолданбағанымен, ғалымдар функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов пікірлерінің бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын, сондай-ақ репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытады. Қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізгі ұғымдарына профессор

Е.Н. Жанпейісов ғылыми мақаласында талдау жасап, түсініктеме береді. З.Қ. Ахметжанова тәуелдік, қимылдың өту сипаты, компаративтік категорияларын орыстілі деректерімен салғастыра зерттеді. Қ. Рысалдының «Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативті табиғаты» атты қазақ және неміс тілдерінде жазылған докторлық диссертациясын да қосуға болады. Қазақ тілі деректері негізінде функционалды бағытта жүргізілген С.С. Құнанбаеваның көркем мәтіндегі шақ категориясын функционалды-семантикалық өріс деңгейінде зерттеген докторлық диссертациясы, Т. Әбдіғалиеваның болымдылық-болымсыздық категориясын функционалды грамматика принциптері тұрғысынан зерттеген докторлық диссертациясы, Б. Шалабай, А. Салқынбай, Б.М. Нуртазина, А.Ә. Жаңабекова еңбектерінің де қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізін қалауға және оның теориялық қырларын дамыту мен толықтыруда маңызы өте зор [1, 45].

Функционалды грамматиканың бір түрін алғаш А.А. Хадеева-Быкова ұсынып, кейін А.В. Бондарко «Функционалды-семантикалық өріс» теориясы негізінде дамытады. «Функционалды-семантикалық өріс» ұғымына ғалым мынадай анықтама береді: «Функционалды-семантикалық өріс – тілдің грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) құрылымының бір ғана семантикалық аясына жататын лексикалық, лексика-грамматикалық және сөзжасамдық бірліктерімен бірге құрылатын екіжақты (мазмұндық-тұлғалық) бірлестік» [2, 115].

ФСӨ-тер тілдік жүйе тұрғысынан топтар мен типтерге ажыратылады. Зерттеулерде төмендегідей топтары көрсетіліп жүр:

1. Предикатты негізді өрістер; аспектуалды-темпоралды қатынастарды білдіретін өрістер жинағы: аспектуалдық, темпоралдық, таксис, шақтық, локалдылық, модальдық және қалып-күй қатынасын білдіретін функционалды-семантикалық өрістер; акционалды-субъектілік және акционалды объектілік қатынасты білдіретін ФСӨ-тер жиынтығы: персоналдылық, етіс т.б.

2. Заттық негізді ФСӨ-тер (субъектілік/объектілік, белгілік/белгісіздік);

3. Квалитативті / квантитативті ФСӨ-тер (сан, сапа, компаративтілік, посессивтілік);

4. Пысықтауыш негізді ФСӨ-тер (себептілік, мақсаттық шарттылық, локативтілік т.б.) [3, 61].

Мақаламызда компаративтілік функционалды-семантикалық өрісінің қазақ тіл білімінде зерттелуіне тоқталмақпыз.

Көрнекті тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрағұл Қоңыров «Қазақ теңеулері» атты монографиясында теңеу категориясын зерттейді [4]. «Логика ғылымында да теңеу категориясының бар екені белгілі. Рас, логикадағы теңеу мен тілдегі теңеу бір емес. Ондағы теңеу категориясы ойлау заңдылықтарына байланысты болғандықтан, оның мазмұны мен өмір сүру формасы тілдегі теңеу категориясынан, әрине, басқа. Әйтсе де тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз органикалық бірлікте өмір сүретіндіктен, бұлардағы теңеу категорияларының жалпы структуралары бір-біріне ұқсас болады. Сол себепті логикалық теңеу де үш элементтен тұрады. «Теңеу (латынша – *comparatio*) формальды логиканың категориясы ретінде үш элементтің болуын қажет етеді. Олар: а) сипаттауды қажет ететін ұғым (*comprandum*); ә) сипаттаушы ұғым (*comprantum*); б) екі ұғымның арасында «көпір» қызметін атқаратын байланыстырушы элемент. Жаңадан танылған және бұрыннан танылған нәрселердің арасындағы бұл ортақ нәрсе латынша *tertium comparationis* деп, яғни салыстырылған екі ұғымның арасындағы үшінші теңеу, үшінші өлшем деп аталады» [4, 9-10 бет]. Ғалымның осы пікірі арқылы компаративтіліктің логикамен тығыз байланысты екенін көреміз. Теңеуді лингвистикалық категория ретінде танып екі бағытта зерттеу жүргізеді. Бірінші «Теңеулердің жасалу жолдары» бөлімінде құрылымдық тіл білімі бағытында тіліміздегі теңеу жасайтын грамматикалық, лексикалық формаларды қарастырады. Сонымен қатар теңеу категориясын синтаксистік құрылымы жағынан «жалаң, күрделі, толымды, толымсыз, бірыңғай, болымсыз теңеулер» деп жіктеп қарастырады. «Сезім мүшелерімен қарым-қатынасына қарай қазақ теңеулері бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Бұл топтар теңеулердің нақты мағынасынан, олардың сыртқы дүниемен қарым-қатынасынан келіп туады. Міне осы тұрғыдан келіп, біз қазақ теңеулерін төмендегідей топтарға жіктеп қарастырдық: 1) Көру теңеулері; 2) Есту теңеулері; 3) Дәм сезімі теңеулері; 4) Тері сезімі теңеулері; 5) Иіс сезімі теңеулері; 6) Сезім-күй теңеулері» – деп ғалым теңеулердің функционалдық топтарын көрсетеді.


Т. Қоңыровтың аталмыш еңбегі қазақ тіл біліміндегі теңеу категориясы тереңнен зерттеліп, жан-жақты қарастырылған бірден-бір зерттеу болып табылады. Ғалымның зерттеуіндегі «те-

ңеу категориясы» мен біз қарастырып отырған «компаративтілік категориясының» зерттеу нысаны, түбі бір екенін танымыз. Сол себепті қазақ тіл біліміндегі компаративтілік категориясы қарастырылған зерттеу еңбегі ретінде айта аламыз.

Функционалды-грамматиканы зерттеген қазақ ғалымдарының бірі З.Қ. Ахметжанова қазақ тіліндегі компаративтіліктің көп жылдар бойы орыс тіл білімімен байланыста зерттеліп келгенін айтады. Ғалым «Функционально-семантические поля русского и казахского» [5] деп аталатын еңбегінде посессивтілік, аспектуалдылық категорияларымен қатар компаративтілік категориясын қарастырады.

З.Қ. Ахметжанова компаративтіліктің функционалды-семантикалық өрісінің негізінде салыстырудың функционалды-семантикалық категориясы жатады, ал оны логикалық салыстыру категориясының тілдік көрінісі дейді. Салыстырудың (компаративтілік) тілдегі құрылымдық табиғатын З.Қ. Ахметжанова өріс ретінде айқындап, оның екі түрін ажыратады. Сын-

сапалық жағынан бірдей екі затты салыстыра келіп, олардың сапалық, сындық белгілерінің дәрежелік айырымдарын айқындайтын салыстыру түрін ғалым нақты компаратив (собственно компаратив), ал бір заттың сын-сапасын басқа бір нақтылы затпен салыстырмай, оны сын дәрежесінің ортақ өлшем, стандарт қалпы тұрғысынан анықтау түрін интенсив деп атайды. Компаративтік өріс жоғарыда ажыратылған салыстырудың семантикалық екі түріне сәйкес нақты компаративтік және интенсивтілік микроөріске бөлінеді. Ұғымдық категорияға негізделген тілдік функционалды-семантикалық компаративтік категория бір ғана грамматикалық категориямен, бір ғана сөз табының ауқымымен шектелмейтінін ғалым зерттеу барысында ғылыми негізде дәйектеген. Сол негізде жоғарыда ажыратылған екі микроөрістер өз іштерінде тағы да екіге жіктелген: нақтылы компаратив микроөрісі айырымдық және ұқсасымдық; интенсивтілік микроөріс сапаның интенсивтілігі және іс-амалдың интенсивтілігі [5, 81].



З.Қ. Ахметжанова қазақ тіліндегі компаративтіліктің функционалды-семантикалық категориясын дәстүрлі грамматикадағы зерделуден өзгеше, функционалды грамматика теориясының үрдісінде жаңа деңгейде зерттеді. Ғалым қазақ тілі грамматикаларында қалыптасып қалған орыс тіл білімінің теориясы ыңғайында сипатталған компаративтілік теориясын, әсіресе шырай категориясын сыни көзқараста сараптап, жаңаша пайымдауды ұсынған. Сонымен бірге бұл категорияның негізінде жалпы салыстыру жатқанын, оның тек шырай деңгейімен шектелмейтінін көрсетті. Компаративтілік жеке категория тұрғысынан қарастырылып, оның сапалық категорияға етене жақындығын, түптеп келгенде, сапаның сандық айқындылығы болуымен қатар жаңа сапалық мағына тудыратыны баса айтылады. Сонымен қатар қазақ

тіліндегі компаративтілік категориясын аспектуалдылық өрісімен қатысты деп көрсетеді.

Қазақ тілін неміс тілімен салыстыра зерттеген қазақ тілші ғалымы Қ. Рысалды «Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативті табиғаты» атты докторлық диссертациясында компаративтілік категориясын «сын дәрежесі категориясы» деген терминмен атап функционалды бағытта зерттейді. Компаративтілік категориясы Қ. Рысалдының зерттеуінде басқа ғалымдардан ерекшелікте қарастырылады. Орыс немесе жоғарыда аталған қазақ ғалымдарының зерттеуінде компаративтілік категориясы тек салыстырылатын заттар мен құбылыстардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері аясында қарастырылса, ғалымның жұмысында салыстырылмайтын белгілердің де функционалды-семантикалық өрісі зерттеледі. Ғалым оны

ішкі семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше субкатегорияларға жіктейді. «Морфологиялық шырай категориясының айналасына топтасқан сын дәрежесін тұлғаландыратын тілдің басқа деңгейлерінің бірліктерінің жүйесі тілдің сын дәрежесі категориясын құрайды. Сын дәрежесі категориясының тілдік тұлғасын тілдің барлық деңгейлерінің бірліктері қалыптастырады. Сын дәрежесі категориясы семантикалық тұрғыдан екі өріске жіктеледі: салыстырмалы дәреже өрісі, салыстырмасыз дәреженің үдемелі өрісі. Салыстырмалы өрістің ішкі жіктеуі: доминанттық тұлға негізінде ол алдымен теңдік және теңсіздік болып екіге бөлінеді. Біріншісі сын есімнің жай шырай тұлғасы негізінде тепе-теңдікті көрсететін теңдік микроөрісін құрайды. Екіншісі іштей екіге жіктеліп, үстемелі, асырмалы микроөрісті құрайды. Салыстырмасыз өріс ішкі семантикалық құрылымы жағынан екіге бөлінеді: күшейтпелі (аугментативтік) микроөріс және бәсеңдік (диминутивтік) микроөріс. Екеуіне де сынның салыстырмасыз үдетпелі (интенсивтік) дәрежесі тән» [6, 166].

Ғалымның зерттеуі компаративтілік категориясын жасаушы тілдік тұлғалардың барлығының дерлік қамтылып, өте көп мысалдармен дәлелдер келтіру арқылы жүйеленіп берілгендігімен бағаланады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Д.А. Әлкебаева «Функционалды грамматиканың негізгі ұғымы – сын-сапа категориясы туралы» атты мақаласында компаративтілік категориясы «сын-сапа категориясы» деген термин

мен беріліп, ішкі семантикалық ерекшеліктері мен осы категорияны жасаушы тілдік тұлғалар қарастырылады. «Адамзат баласы барлық заттар мен құбылыстарды салыстыру арқылы қоршаған ортаны танып біле алады. Белгілі заттар мен құбылыстар арқылы түсінік танымға, ал таным ол туралы толық түсінікке алып келеді. Алайда компаративтілік ұғымы ретінде сөз сөйлеу қызметіндегі айтушының ойлау жемісінің нәтижесіндегі заттар мен құбылыстардың айрықша белгілерін салыстыруы мен салғастырылуын анықтайтын тілдік бірліктердің функциясын жинақтап саралау туралы белгілі дәрежеде әлі толық айқындалған жоқ әрі ғылыми айналымға толық енген жоқ деп айтуға болады. Сондықтан осы тұрғыдан шын мәніндегі функционалды грамматиканың негізгі категорияларының бірі компаративтілік ұғымын функционалды-семантикалық өрістегі функциясының мәнін ғылыми тұрғыдан тұжырымдап нақтылау қажеттілігі туындайды» – деп компаративтілік категориясы функционалды-семантикалық өрісінің әлі де зерттеуді қажет ететінін атап өтеді.

Қорыта келгенде, компаративтілік функционалды-семантикалық өрісі қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелінді. Орыс, неміс тілдерімен салыстырыла зерттелген еңбектерде қазақ тілінің тілдік ерекшеліктері арқылы сол тілде сөйлеушілер танымының да өзгешеліктері көрініс тапты. Алайда профессор Д. Әлкебаева атап өткендей, компаративтілік функционалды-семантикалық өрісі әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Жаңабекова М.Ә. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі нақ осы шақтың функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 185 б.
- 2 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. – Ленинград: Наука, 1984. – 134 б.
- 3 Әлімтаева Л. Қазақ тіліндегі каузалдылық функционалды-семантикалық өрісінің зерттелу маңызы // «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 318 б.
- 4 Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. – 512 б.
- 5 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 6 Рысалды Қ. Белгі дәрежесі – функционалды-коммуникативтік категориясы // Қазақ тіл білімінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 828 б.
- 7 Алкебаева Д.А. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымы – сын-сапа категориясы туралы // Хабаршы ҚазҰУ: Филология сериясы. – 2014. – № 4-5. – 63-69 б.

References

- 1 Zhanhabekova M.A'. Qazaq zha'ne aghy'lshy'n tilderindegi naq osy' shaqty'nh fwnkci'onaldy'-semanti'kaly'q o'risi. – Алматы': Qazaq wni'versi'teti, 2013. – 185 b.
- 2 Bondarko A.V. Fwnkci'onala'naya grammati'ka. – Leni'ngrad: Nawka, 1984. – 134 b.

- 3 A'limtaeva L. Qazaq tilindegi kawzaldy'ly'q fwnkci'onaldy'-semanti'kaly'q o'risinin zerttelw manhy'zy' // «A. Bajtursy'nuly' – qazaq til biliminin ko'shbasshy'sy'» atty' xaly'qaraly'q ghy'ly'mi'-a'distemelik konferenci'ya materi'aldary'. – Almaty', 2012. – 318 b.
- 4 Qonhy'rov T. Tenhewler tabi'ghaty'. Oqw quraly'. – Almaty': Alash, 2005. – 512 b.
- 5 Axmetzhanova Z.K. Fwnkci'onal'no-semanti'cheski'e polya rwsskogo i' kazaxskogo yazy'kov. – Alma-Ata: Nawka, 1989. – 108 s.
- 6 Ry'saldy' Q. Belgi da'rezhesi – fwnkci'onaldy'-kommwni'kati'vtik kategori'yasy' // Qazaq til biliminin fwnkci'onaldy' grammati'kasy'. 2-kitap. – Almaty': Dajk-Press, 2011. – 828 b.
- 7 Alkebaeva D.A. Fwnkci'onaldy' grammati'kany'nh negizgi ughy'my' – sy'n-sapa kategori'yasy' twraly' // Xabarshy' QazUW: Fi'lologiy'ya seri'yasy'. – 2014. – № 4-5. – 63-69 b.